

Сарысу аудандық мәслихатының 2015 жылғы 27 қарашадағы № 54-5 "

Пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының мөлшерлемелерін және бірыңғай жер салығының мөлшерлемелерін жоғарлату туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Жамбыл облысы Сарысу аудандық мәслихатының 2016 жылғы 10 наурыздағы № 60-9 шешімі

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Нормативтік құқықтық актілердің құқықтық мониторингін жүргізу қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 25 тамыздағы № 964 Қаулысына және "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 40 бабына сәйкес, аудандық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Сарысу аудандық мәслихатының 2015 жылғы 27 қарашадағы № 54-5 " Пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының мөлшерлемелерін және бірыңғай жер салығының мөлшерлемелерін жоғарлату туралы" шешімінің (нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде № 2844 болып мемлекеттік тіркеуден өткен, "Сарысу" газетінің 2015 жылғы 12 желтоқсандағы № 119 санында жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Шешімнің көшірмесі Жамбыл облысы Әділет департаментіне жолдансын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихат аппаратының басшысы Құлыбеков Қуаныш Қайратұлына жүктелсін.

Аудандық мәслихат
сессиясының төрағасы
_____ Б. Садуақасов

Аудандық мәслихат хатшысының
міндетін атқарушы
_____ Р. Мұханов